# ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ



## Оқушы дәптері

## 11

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

# ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

## ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

**11-СЫНЫП**

Алматы
2020

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының авторы
С.А. Назарбаева

**Өзін-өзі тану:** Оқушы дәптері. Акимбаева Ж. Ж., Джубатова Л. С., Мыркасымова Н. К. / 11-сынып. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2020. – 88 б.

# ҚЫМБАТТЫ ЖАС ДОС!

«Өзін-өзі тану» пәніне арналған бұл дәптермен жұмыс жасауда рухани-адамгершілік құндылықтар мен адами қасиеттердің мағынасын тереңірек ұғынатын боласыз.

Дәптерде берілген сұрақтар мен тапсырмалар өзіңізді, өзгені, айналаңызды адамгершілік құндылықтар арқылы тануға жетелейді.

Дәптер сізді ойландыратын сан түрлі сұрақтар мен тапсырмалардан тұрады. Оларға жауап іздей отырып, адамгершілік қарым-қатынастың, жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін түсініп, оны күнделікті өмірде қолдануға дағдыланасыз.

Барлық іске ізгі ниетпен кірıссеңіз, шығармашылық шаттыққа бөленесіз!

Таным жолындағы ізденісіңізге сәттілік тілейміз!

**Іске сәт, жас дос!**

## I тарау
## ТАНЫМ ЖОЛЫНДА

## 1-2
## ӨМІР – ТАНЫМНЫҢ КӨЗІ

Дүниенің көзі, тұтқасы, түп негізі – заттық нәрсе емес, рухани дүние.

Платон

**1-тапсырма**

Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін оқып, оларды «әлеуметік-биологиялық қажеттіліктер», «рухани қажеттіліктер» тобына іріктеп, жіктеп жазыңыз.

*Тиісті сөздер мен сөз тіркестері:* баспана, киім-кешек, тамақ, ұрпақ қалдыру, материалдық қажеттіліктер, ар-ұждан, жақсы мен жаманды ажырата білу, жалпыадамзаттық құндылықтар, парыз, ізгілік, жауапкершілік, еркіндік, өмірдің мәні, бақыт, абырой, ар-ұят, теңдік, сүйіспеншілік, ақиқат.



**2-тапсырма**

Сөздер мен олардың анықтамасын салыстырып, әр сөздің  өзіне сәйкес келетін анықтамасын табыңыз.

| Ұғым | Анықтамалары |
|---|---|
| 1. Ақиқат<br><br>2. Дұрыс әрекет<br><br>3.Ішкі тыныштық<br><br>4. Сүйіспеншілік<br><br>5.Қиянат жасамау | А. Ақиқаттан туындағанның барлығы. Ақиқат жолымен жүруден туындайды, өзіңе, өзгеге, табиғатқа еш зиян келтірмеу қағидасын ұстанады. Ол үшін табиғаттың, моральдың және мемлекеттің заңдарын білу, құрметтеу және орындау қажет. Ол жүректен шығып, сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс жүзінде қолданылатын құндылық.<br><br>Ә. Бастапқы шынайылықтың мәңгілік мәні, жаратылыс негізінде жатқан қасиеттер, адам табиғатының бастауы. Ол уақыттың үш кезеңімен: өткенмен, қазірмен, болашақпен де шектелмейді. Материалдық және рухани өлшемдерде өзгерістерге ұшырамайды.<br><br>Б. Адам ақиқатты танып, сүйіспеншілікпен дұрыс әрекет еткенде оның  жан дүниесінде  болатын құндылық.<br><br>В. Барлық жүректерді, тіршілікті, барлық кезеңдерді, ұлттарды, діндерді, күллі табиғат пен бүкіл ғаламды біріктіруші құндылық.<br><br>Г. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет және ішкі тыныштық құндылықтары нәтижесінің жемісі, ол – барлық тіршілікті құрметтеу мен сүюдің көрінісі, бүкіл жаратылыстың бірлігін ұғыну, ойы, сөзі, ісімен  зиян келтірмеу. |

**3-тапсырма**

Төменде берілген рөлдер бойынша жаңалықтар бағдарламасын өмірдегі руханилыққа, ізгі істердің жемісіне негіздеп жасаңыз.

*а) Зерттеуші тілші.*

*Тәулік бойы өмірдегі адамдардың жан дүниесінің рухани байлығына, күнделікті өмірдегі көрінісі жайлы хабарлайды.*

*ә)Теледидар жүргізушісі.*

*адамның ізгі істері жайлы оқиға орнынан жиынтық ақпараттар*

*б) Сұхбат алушы тілші.*

*Әлемдегі барлық адамдар  рухани бай болса, онда...*

**4-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

## 3-4
## ІЗДЕГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА…

Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,
Үлкен болып қалу үшін ғаламда,
Үлкен арман керек екен адамға.

Мұхтар Шаханов

**1-тапсырма**

Сөздіктерден мақсат», «мұрат», «арман» сөздерінің анықтамасын тауып, жазыңыз. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табыңыз.

**2-тапсырма**

«Менің мұратым», «Менің мұратым мені қайда бастайды? тақырыбына төмендегі қадамдарды басшылыққа алып, өзіңізді-өзіңіз зерттеңіз. Жоспарын жасаңыз.

- *Менің мұратым өзімнен басқа кімге пайдалы?*
- *Менің мұратым басқаларға, айнала қоршаған ортаға зиянын тигізбей ме?*
- *Менің мұратым адамгершілік құндылықтарға құрылған ба?*



**3-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

## 5-6
## АДАМ – ЖАСАМПАЗ

Ізгілік марапат үшін жасалмайды, ізгі іс жасаудың өзі марапат.

Сенека

**1-тапсырма**

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы жеңімпаздарының парақшаларына кіріп, жоба кейіпкерлерінің жетістікке жету сырларын іріктеп алып, өз қорытындыларыңды жасаңыз. Жеңімпаздарды жеңіске жеткізген құндылықтар мен қасиеттерді іріктеп алып, өзіңіз «Жетістікке жету формуласын» жасаңыз.

**2-тапсырма**

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы жеңімпаздарының парақшаларына кіріп, жоба кейіпкерлерінің өмірбаяндары мен атқарған іс-әрекеттерін сараптап, «Жаныңда жүр жақсы адам» тақырыбында зерттеу жүргізіп, эссе жазыңыз.



**3-тапсырма**

Өзің тұратын аймағыңыздың «100 жаңа есімін» жасаңыз.



4-тапсырма

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
| --- | --- | --- | --- |
| | | | |

## 7-8
## ӨЗІҢДІ ТАБУ

Айнымайтын ақ жүрек пен,
Таза ақылды адамның,
Таппасы жоқ өмірде,
Осыны ұқ балам.

Шәкәрім

**1-тапсырма**

Төменде берілген мәтінді оқып, автордың ұсынған өзіңді, өмірді тану жолын талқылып, кестені толтырыңыз.

Өмірдің алдында бәріміз шәкіртпіз.

Адам деген атқа лайық өмір сүру үшін адамға білім керек, ыждаһат керек, білік керек. Оны игеру үшін ғасырлар бойы аузы дуалылар жақ жаппай баршамыз үшін – бүгін жер басып жүргендеріміз үшін де, бұл дүниеге бізден соң келетіндер үшін де қапы жібермей қадағалай тыңдайтындай ғып айтып келе жатқан ғибрат сабағын бойға сіңіру керек. Есті құлақ замандастарының ауызына, есті көз бұрынғылардың жазуына үңіліп, оны талдап-түсіне білгенде жетілу келеді. Өмір ғибраттарын танып-білу арқылы өзін-өзі тану бір басын емес, көптің қамын қамдай жүретін қайырымды пиғыл иесіне тән келеді. (Әбіш Кекілбаев.)



| Автордың түйінді ойы | Автордың ойына көзқарасыңыз | Өзіме түйген ойым |
|---|---|---|
| | | |

**2-тапсырма**

Лев Толстойдың «Жастарға өсиет» мәтінінен өмірлік таңдаудағы түрлі көзқарастағы (ізгі, тоғышар) адамның өмірлік ұстанымдарын салыстырып, іріктеп алып, кестені толтырыңыздар. Таңдауларыңызды дәлелдеп беріңіздер.

| Кейіпкерлер | Құндылықтары мен қасиеттері | Нәтижесі (салдары) |
|---|---|---|
| Ізгі | | |
| | | |
| Тоғышар | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

**3-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

# II ТАРАУ
# ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

## 9-10
## ТҰЛҒАНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК НЕГІЗДЕРІ

... Түгел алғың келсе өмірдің ырысын,
Таза болсын сөзің, ойың, жұмысың.

Жүсіп Баласағұн

**1-тапсырма.** Төменде берілген мәтінді оқып, негізгі идеясын табыңдар. Оны көзқарас — себеп — мысал — қорытындылау әдісімен талқылап, жазыңыз.

*Бір шәкірт ұстазымен егін алқабын аралап келе жатады. Кенет әлгі екеудің жол шетінде жатқан тозығы жеткен бір аяқ киімге көздері түседі. Шәкірт ұстазына:*

*– Шамасы, мынау егінші шаруаның аяқ киімі сияқты. Тығып қойсақ қайтеді? Сосын бір жерге жасырынып, қалай абдырап, сасқалақтағанын қызықтайық, – дейді. Сонда ұстазы:*

*– Адамдарды әбігерге салуды қызық көріп, олардың есебінен көңіл көтергеніміз адамдыққа жатпайды. Өзіңе бақыт пен шаттық сыйлағың келе ме? Онда оны мазаққа айналдырмай, керісінше, аяқ киіміне ақша салып қояйық. Сонан кейін ғана не қызық болатынын тамашалайық, – дейді. Ұстазының ұсынысы бірден көңіліне қонған шәкірт айтқанын орындайды. Содан соң екеуі жақын тұрған ағаштың артынан жасырынып, бақылауды бастайды.*

*Сәлден соң жүзі әбден тотыққан, жұпыны киімді бір адам келеді. Аяғын аяқ киіміне сұққаны сол еді, ішіндегі затты сезіп, аяғын дереу қайта суырып алады. Қолын салып еді, ақша екен. Екінші сыңарынан да сондай ақша шықты. Ақшаға бір, жан-жағына бір қарап, таң-тамаша болып тұрып қалды. Көз жетер жерде ешкім байқалмайды. Ақшаны қалтасына салды да, жерге тізерлеп отыра кетті.*

*Жасауραған жүзін аспанға көтеріп дауыстап сөйлей бастады: «Я, Жаратушым! Сен менің хәлімді өзімнен артық білушісің. Әйелімнің ауру екенінен, балаларымның аш-жалаңаш екенінінен хабардарсың. Бәрімізді басқа түскен қиыншылықтан құтқардың. Шүкір, шүкір...». Осылайша, ұзақ уақыт жасын төккен күйі Жаратушысына алғыс айтып, шүкірлігін білдіреді.*

*Манадан бері одан көз жазбай қарап отырған шәкірт қос жанары жасқа толып, қатты әсерге бөленеді. Шәкіртінің бойындағы өзгерісті байқап отырған ұстазы:*

*– Қазір бұрынғы хәліңнен бақыттырақ екеніңді сезіп отырған сияқтысың. Алғашқы ойыңды іске асырғанда қандай күйде болар едің?! – дейді. Шәкірті:*

*– Иә, ұстаз! Өмір бойы ұмытпастай дәріс алдым. Сізге алғысым шексіз! «Берген кездегі қуаныш алған кездегі қуаныштан көп артық болады» деген сөздің мағынасын енді түсіндім, – деп жауап қатты. («Жыртық аяқ киім» Өсиет әңгіме).*



**2-тапсырма.** Төменде берілген нақыл сөздерді пайдаланып, «Рух асқақтығы – адамдық белгісі» тақырыбында эссе жазыңыз.

*Өзіңе де өзгеге де жақсылық тіле...*

*А. Йүгінеки*

*Қайырымды іс жаса, қайырлы болар әр ісің.*

*Халық нақылы*

*Берген кездегі қуаныш алған кездегі қуаныштан көп артық.*

*Халық нақылы.*

**3-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

**11-12**
# МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Адамда жақсы қасиет болмаса,
Оған бақ та, бақыт та қонбайды.

Ж.Баласағұн

**1-тапсырма**

Абайдың афоризмін оқыңыз. Ондағы ой тұжырымдарды көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау әдісін пайдаланып, жазыңыз.

*А) ... Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық.*

*Ә)... Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілтектікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез қылған қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!*

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

2-тапсырма

Дат суретшісі Херлуфа Бидструпаның адам мінезіне байланысты салған суретін мұқият қараңыз.

Түрлі мінез-құлықтағы адамдардың мыжылған қалапаққа өз эмоцияларын, қатынасын білдіруін әңгімелеп, олардың диалогін жазыңыз.









**3-тапсырма**

Берілген екі мәтінді салыстырыңыз. Ондағы адамдардың жақсы мінезі, қарым-қатынасы неге негізделгенін салыстырып, анықтаңыз. Өздеріңіз жақсы мінездің үлгісін жасаңыз.

1) *Есті адамдардың мынадай үш үлкен қасиеті болады: біріншіден – жұртқа берген ақыл-кеңесін өзі орындайтын болады, екіншіден – ешуақытта әділдікке қарсы шықпайды, үшіншіден – төңірегіндегі жандардың қателіктеріне кешірімшіл келеді.*

*Лев Толстой*

2) *Ізгілік төрт түрлі болады: ұғынықтылық, әділеттілік, ерлік және дұрыс ойлаушылық. Олардың ішінде ұғынықтылық – өз ісін дұрыс жүргізуге итермелеуші себеп; әділеттілік – жолдастық пен алыс-берістегі дұрыс мінездің себебі; ерлік – табандылық, қиындық пен уайымдарда шегінбеушілік себебі; дұрыс ойлаушылық – өз тілектерімізді басқара білуге, рақаттың бізді бағындырып алмауына және тәртіпті өмір сүруге себеп.*

*Платон*

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

_________________________________________________________________________

**4-тапсырма**

«Жақсы мінез – жан сұлулығы» немесе «Мінез – жанның айнасы» тақырыптарының біріне эссе жазыңыз.

**5-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

**.13-14**

# АДАМНЫҢ РУХАНИ САУЛЫҒЫ

Арлы адам – ең күшті адам. Ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойынсұнбайды.

Әбіш Кекілбаев

**1-тапсырма**

Сөздер мен олардың анықтамасын салыстырың. Әр сөздің өзіне сәйкес келетін анықтамасын табыңыз.

| Ұғым | Анықтамалары |
|---|---|
| 1. Руханилық<br>2. Рухани дүние<br>3. Рухани даму<br>4. Рухани қасиеттер | а) Адам мәнінің ең биік көрінісі, оның жалпы адамзаттық инабат парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы.<br><br>ә) Рухани, адамгершілік және интеллектуалды қызығушылықтардың материалдыққа қарағанда басым жағдайы, адам жанының таза қасиеті.<br><br>б) Әдептілік, адамгершілік нормаларына сәйкс келетін адам мінезінің қасиеттері.<br><br>в) Өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін түсіну және өзін-өзі үздіксіз, бірқалыпты жетілдіру. |



**2-тапсырма**

Айналаңызда өзіңіз «рухани бай адам» деп санайтын жақындарыңыз бен таныстарыңыздан «рухани бай адам болудың сыры» тақырыбында әңгімелесіңіз. Ойыңызды қысқаша жазыңыз.



**3-тапсырма**

Төменде берілген сөздер мен сөзтіркестерін пайдаланып рухани бай адамның портретін жасаңыз.

Тиісті сөздер мен сөзтіркестері: *кіршіксіз, мінсіз, қалтқысыз, әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды, бай, жаны әсем, адамгершілігі жетілген, ержүрек, саналы, ізгі, беделді, борыш, міндет, парызына адал.*



**4-тапсырма**

Қабдеш Жұмаділовтің «Материалдық байлықты рухани байлықтан жоғары қоюға болмайды» деген ойын тақырып етіп алып, эссе жазыңыз.

**5-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтыр.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

## 15-16
## ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУГЕ ҰМТЫЛЫС

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,
Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос – сол шарасы.

Шәкәрім

**1-тапсырма**

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын негізге алып, кестені толтырыңыз.

| Негізгі ой | Автор көзқарасы | Өзімді жетілдіру үшін маған қажеттілер |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

**2-тапсырма**

Сөздер мен олардың анықтамасын салыстырыңыз. Әр сөздің өзіне сәйкес келетін анықтамасын табыңыз.

| Ұғым | Анықтамалары |
|---|---|
| 1. Өзіндік тәрбие<br><br>2. Өзін-өзі анықтау<br><br>3. Өзін-өзін бағалау<br><br>4. Өзін-өзі бақылау<br><br>5. Өзін-өзі жетілдіру<br><br>6. Өзін-өзі ұстау | а) Тұлғаның нақты өмір жағдайларында өз ұстанымын, мақсаттары мен оларды жүзеге асыру құралдарын саналылықпен таңдау үдерісі және нәтижесі.<br><br>ә) Адамның өзіндік дамуға, өзіндік білім алуға, өз ұнамды қасиеттерін жетілдіріп, келеңсіз тұлғалық қасиеттерін жоюға бағытталған саналы әрі мақсатты бағдарланған іс-әрекеттері.<br><br>б) Адамның өз жан дүниесін, психикалық өмірі, оның көріністері-әсерленушіліктер, ойлар, сезімдер және басқаларын нысанаға алуға мүмкіндік беретін ішкі жоспарды бақылауы.<br><br>в) Адамның өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігі.<br><br>г) Түрлі өмірлік жағдайларда жағдайларда, адамның өз ойын, сөзін, іс-әрекетін дұрыс жүзеге асыра алуға қабілеттілігі, сабырлылығы.<br><br>ғ) Өзінің өмірлік қуатының мәнін, мақсатын жүзеге асыратын тәндік, жандық, рухани күш-қуатты сандық және сапалық өзгерістерге түсіретін ішкі объективтік үдеріс. |

**4-тапсырма**

Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, адамның өзін-өзі жетілдіру жолын жасап, жазыңыз.

Сөздер мен сөз тіркестері*: өздігінен білімін жетілдіру, өзіндік тәрбие біліктері, өз-өзіне бұйрық беру, өзіндік сергектік, өзіндік қолдап-қуаттау, өзіндік мадақ, өзін-өзі анықтау, өзіне сындарлы көзқараспен қарау, өз мақсатын нақтылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау, ойлар, сезімдер және басқаларын нысанаға алу, ішкі жоспарды жасау, өзін-өзі жетілдіру, өзіндік сана-сезім, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тексеру, өзін-өзі ұстау.*

**5-тапсырма**

Қожа Ахмет Ясауидің «Бүкіл бәле – нәпсіңнен, нәпсіңе құл болып, мойның жар бермеуден. Алдымен кінәні өзіңнен ізде» деген ойын басшылыққа алып, төмендегідей қасиеттері бар адамдарды қатыстырып, жағдаят ойластырып, жазыңыз.

- Ұстамды, сабырлы адам.
- Өзіне, өз күшіне сенімді адам.
- Ақылды адам.
- Өзін-өзі алдайтын адам.

**6-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

## III ТАРАУ
## ҚОҒАМДАҒЫ ӨМІР

### 17-18
### ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛДЕРІ

Алдымен ізгі ниеттерге, ал содан соң даналыққа үйрен, өйткені алғашқысыз соңғысына үйрену қиын.

Сенека

**1-тапсырма**

«Ақиқат пен аңыз» мәтінінен отбасында, ұжымда, қоғамда жақсы адам болуға көмектесетін адамдық қасиеттерді іріктеп алып, өз ойыңызбен толықтырып, жазыңыз.



**2-тапсырма**

Мұхтар Әуезовтың «Үлкен алдында жас парызы, ата алдында бала парызы – әдеп пен сый» сөзін басшылыққа алып, төмендегі тақырыптарды қатыстырып жағдаят ойластырып, жазыңыз.

- Жақсы перзент (ұл, қыз).
- Жақсы аға (іні).
- Жақсы әпке (сіңлі).
- Жақсы дос (жолдас).
- Жақсы сыныптас.
- Жақсы азамат.

**3-тапсырма**

Оқулықта берілген Қасым Қайсеновтың мақаласын негізге алып, кестені толтырыңыз.

| Өзінің ар-ұжданы алдындағы тазалығы | Отан алдындағы парызы мен борышы | Жолдастары алдындағы парызы мен борышы |
| --- | --- | --- |
| | | |

**4-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

## 19-20
## ОТБАСЫ – РУХАНИЛЫҚТЫҢ КӨЗІ

Отбасының сәні – сыйластық,
Достың сәні – қимастық.

Мақал

**1-тапсырма**
Төмендегі сұрақтарды қатыстыра отырып, эссе жазыңыз.

- *Отбасыңда қандай ағасыз, қандай іні, қандай қарындассыз?*
- *Ағалыққа тұрарлық қандай іс-әрекеттер жасап жүрсіз?*
- *Лайықты іні болып жүрсіз бе?*

**3-тапсырма**

Өз ата, әжелеріңнен ұрпақтарына қалдыратын немесе қалдырған өсиеттері туралы сұрап, қысқаша шығарма жазыңыз.

**4-тапсырма**

Отбасындағы адал қызмет, парыз және жауапкершілікті негіз етіп, «Бақытты отбасының» ережесін жасап, жазыңыз.

**6-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

## 21–22 сабақтар
## АДАМДАР АРАСЫНДА ӨМІР СҮРУ ӨНЕРІ

**Өзің нені қаламайсың, соны өзгеге істеме, өзіңе қалай қарасын десең, басқаларға да солай қара.**

**Конфуций**

**1-тапсырма**

Авраам Линкольннің «Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деген сөзін басшылыққа алып эссе жазыңыз.

**2-тапсырма**

Адамдар арасында жақсы, адал қарым-қатынас құруда маңызды санайтын қасиеттер мен іс-әрекеттерді өзіңізге маңыздыларынан бастап басқышқа орналастырып, жазыңыз.



**3-тапсырма**

Өз тілектеріңді жазып, қиып алып сыйға ұсын.

**Өзіме тілегім**

**Мектебіме тілегім**

**Отаныма тілегім**

**3-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтыр.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
| --- | --- | --- | --- |
| | | | |

# 23-24
# ҚОҒАМДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ

Игілік — басы ынтымақ,
Ынтымақты елде күншуақ.

*Мақал*

**1-тапсырма**

Сөздер мен олардың анықтамаларын салыстырып, әрбір терминнің өзіне сәйкес келетін анықтамасын беріңіз.

| Ұғым | Анықтамалары |
|---|---|
| 1. Татулық<br><br>2. Достық<br><br>3. Ауызбірлік<br><br>4. Бірлік<br><br>5. Ынтымақтастық | А) Адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті.<br><br>Ә) Адамдардың берік бірлігі, сыйласымдылығы.<br><br>Б) Бірлікке келу, бірге тірлік жасаудың көрінісі, татулықтың белгісі.<br><br>В) Мақсаты бір топ мүшелерінің тату — тәттілік, ынтымақтастық, ұйымшылдық көрсете білуі.<br><br>Г) Ынтымақтасып біріккен ауызбірлік, іштей байланысты табиғи бір тұтастық. |

**2-тапсырма**

Өлеңді оқып, бейбіт өмірге, тыныштыққа, адамдардар арасындағы үйлесімділікке жеткізетін қасиеттерді іріктеп алып, олардың әрқайсысын сипаттап жазыңыз.

**Құт мекені**

М. Мақатаев

*Ақ жарқын қауым*
*Бірінің қамын бірі ойлап,*
*Жарандар,*
*Неткен ынтымақты еді бұл аймақ!*
*Тамаша ауыл,*
*Тап-таза көңіл, таза аспан.*
*Тұрса екен өстіп,*
*Кетпесе екен лайлап.*
*Құтты мекенге қанатын көктен жайған күн,*
*Осынау жерге кіндігімменен байландым.*
*Байырғы қазақ, бастарыңа кеп бақ қонған,*
*Мерекелеріңнен, берекелеріңнен айналдым!*

*Қарттарын сыйлап, жастарын баулып түлеткен,*
*Қаласын сүйген, даласын сүйген жүрекпен.*
*Айналдым сенен, аяулы мекен, дарқан ел!*
*Туған елінің тасына дағы гүл еккен.*

___

___

___

___

___

___

___

___

___

___

**3-тапсырма.** «Бірлігі берік, ынтымақтастығы жарасқан елдің болашағы баянды» тақырыбында үстелдің бағдарламасын жасап, жазыңыз.



**4-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

# IY ТАРАУ
# АДАМЗАТ ӘЛЕМІ

## 25-26
## АДАМНЫҢ РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУІ

***Адамның жақсысы – адамға сүйсіпеншілікпен қарағандар***.

Абай

**1-тапсырма**

Оқулықтағы мәтіннен Бауыржан Момышұлының «қайрат, ақыл, жүрек» туралы айтқан ойын тауып, оны Абайдың 17 қарасөзімен салыстырып, кестеге жазыңыз.

| Абайдың көзқарасы | Бауыржан Момышұлының көзқарасы | Менің түйгенім |
|---|---|---|
| | | |

**2-тапсырма**

Төмендегі сөздер мен сөзтіркестерінің анықтамасын жазыңыз.

Жүрек ____________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

________________________________________________________________

Жүректілік ________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

________________________________________________________________

Ақжүрек___________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

________________________________________________________________

Үлкен жүрек________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

________________________________________________________________

**3-тапсырма**

Төменде берілген сөздер мен сөзтіркестерінен жүректері таза сүйіспеншілікке толы адамдарда болатын қасиеттерді іріктеп алып, жазыңыз.

*Сөздер мен сөз тіркестері: шыншыл, ақылы нұрлы, байсалды, әрекеттері дұрыс, сөздері тура, жүректері мейірімді, күнәдан аулақ жүреді, тәбеттері ынсапты, өзгелерге жақсылық жасайды, өзімшілдік жоқ, біреудің мақтауына масаттанбайды, сабырлылық, шыдамдылық,, рақымдылық, басқаларды сол қалпында қабылдай алады.*

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

___________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

___________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

___________________________________________________________________

**4-тапсырма**

Абайдың сүйіспеншілік жайлы афоризмдерін оқып, «Сүйіспеншілік адам өмірінің мәні» тақырыбында эссе жазыңыз.

- *Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп..*
- *Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.*
- *...Махаббатпен жаратқан азаматты.*
- *Махаббатсыз дүние бос...*
- *Махаббат – өмір нәрі, адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім...*
- *...Адамда негізгі екі қасиет болуы тиіс олар адалдық және махаббат...*

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

**5-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

## 27-28
## ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ЖОЛ

**Шамаң келсе, ізгілік істе, ізгілік пен әділдік өлмейді.**

Сайф Сараи

**1-тапсырма**

«Жақсылық жалғасын табады» немесе «Кішкентайға немқұрайды қарама» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің жоспарын жасаңыз.

**2-тапсырма**

Лев Толстойдың «Егер жанып, жарық түсіруге шамаң жетпесе, ең болмаса оны қалқалама» тақырыбында эссе жазыңыз.

**3-тапсырма**

Тапсырманың кілтін пайдаланып, кестені толтырып, Абайдың жақсы іс жасаудағы дұрыс әрекет туралы айтқан ойын оқыңыз.

| А | Ә | Б | Д | Е | Ж | З | Й | К | Қ | Л | М | Н | Ң | Ө | Р | С | У | Ү | Ш | Ы | І |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 16 | 3 | 22 | 16 | | 6 | 1 | 10 | 17 | 21 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | 2 | 16 | 17 | 5 | 13 | 22 | 14 | | 15 | 11 | 20 | 5 | 18 | 22 | | 3 | 1 | 16 | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | , |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | 11 | 20 | 5 | 18 | 22 | 13 | 5 | 13 | | 1 | 17 | 17 | 1 | | 6 | 1 | 16 | 1 | 12 | 1 | 8 | 4 | 21 | |
| | | | | | | | | | | | | | | – | | | | | | | | | | . |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | 11 | 20 | 5 | 18 | 22 | 13 | | 3 | 22 | 11 | 12 | 5 | 9 | | 3 | 22 | 16 |
| | | | | | | | | | | | | | | – | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 19 | 11 | 9 | 5 | 13 | | 9 | 5 | 16 | 5 | 9 | | 22 | 17 | |
| | | | | | | | | | | | | | | . |

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

_______________________________________________________________

**4-тапсырма**

«Адамға ар-ұжданға сәйкес, адал өмір сүру не береді?» тақырыбында үлкендер мен сыныптастарыңның арасында жүргізген сауалнаманың нәтижесін жасаңыз.

**3-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
| --- | --- | --- | --- |
| | | | |

## 29-30
## ӨМІР ЖОЛЫН ТАҢДАУ

Жақсылық көрсем өзімнен,
Жамандық көрсем өзімнен.
Тағдыр қылды дегенді
Шығарамын сөзімнен.

С. Торайғыров

**1-тапсырма**

Оқулықта берілген мамандық таңдаудың жолдарын оқып, талдап, өз нұсқаларыңызды жазыңыз.

**2-тапсырма**

Берілген цифрограммада Ұлы Абайдың адал еңбек етуге байланысты айтылған өлең жолы жасырылған. Цифрограмманы сөйлету үшін әр цифрды қазақ алфавитіндегі әріптердің ретімен сәйкестендіріңіз.

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25 | 1 | 17 | 1 | 6 | 37 | | 25 | 20 | 15 | 25 | 37 | 15 | , | | | | | | | |
| 10 | 27 | 17 | 37 | 24 | 37 | | 10 | 20 | 15 | 25 | 37 | 15 | , | | | | | | | |
| 1 | 11 | 7 | 37 | 23 | 1 | 23 | | 1 | 7 | 1 | 17 | | 3 | 1 | 16 | 1 | 24 | 37 | 18 | . |

**3-тапсырма**

«Өмірім өз қолымда» тақырыбында эссе жазыңыз.

**4-тапсырма**
«Сабақтағы сабақ» кестесін толтырыңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

## 31-32
## АДАМЗАТТЫҢ ДАНАЛЫҒЫ

Адам неғұрлым ақылды, мейірімді болған сайын, соғұрлым өзгенің жақсылығын бағалағыш келеді.

Блез Паскаль

**1-тапсырма**

Егер мына цифрограмманы дұрыс шешсеңіз, адамның адамгершілігі, жан сұлулығы туралы халық даналығын оқуға болады. Ол үшін берілген цифрларды қазақ алфавитіндегі әріптердің рет санымен алмастырыңыз.

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **7** | **1** | **17** | **18** | **37** | **19** | | **24** | **21** | **11** | **38** | **18** | **8** | | **8** | **17** | **8** | **24** |
| **38** | **24** | **38** | **18** | **8** | **,** | **24** | **37** | **23** | **25** | **37** | **18** | **1** | | **8** | **17** | **8** | **24** | |
| **38** | **33** | **38** | **18** | **8** | | **15** | **1** | **23** | **1** | **!** | | | | | | | | |

**2-тапсырма**

Оқулықтағы аңызды оқып, ондағы бағбанның іс-әрекетіндегі жақсы қасиетерді негіз етіп алып, кестені толтырыңыз.

| Кейіпкер | Жақсы қасиеттері | Менің ойым |
|---|---|---|
| | | |

**3-тапсырма**

«Сабақтағы сабақ» кестесін қорытындылаңыз.

| Білемін | Біліп алдым | Мүмкін емес | Сабақ болды |
|---|---|---|---|
| | | | |

## 33-34
## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕПТЕР

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Абай

**1-тапсырма**

Дәптердегі бір жыл бойы  жазған «Сабақтағы сабақ» кестесін қарап, ондағы  «Біліп алдым» айдарындағы жазбаларыңызды оқып, қорытындысын шығарыңыз.

**2-тапсырма**

Дәптердегі бір жыл бойы жазған «Сабақтағы сабақ» кестесін қарап, ондағы «Сабақ болды» айдарындағы жазбаларыңызды оқып, қорытындысын шығарыңыз.

**«Адамның рухани кемелденуі» жобасымен жұмыс**

**1-кезең**

**1-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

« Рухани кемелдену» ұғымы, сіздің ойыңызша, нені білдіреді?

**2-тапсырма.**

**2-кезең**

**1-тапсырма.** Жобаны, мақсатын анықтап, оны жүзеге асырудың жоспарын құрыңыз.

**3-кезең.**

**1-тапсырма.** Жобаны жүзеге асырудағы өз үлесіңізге талдау жасаңыз.

**4-кезең.**

**1-тапсырма.** Жобаны жүзеге асыруға қатысудан алған әсеріңіз жайлы эссе жасаңыз.

Акимбаева Ж.Ж., Джубатова Л.С., Мыркасымова Н.К.

**ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ**

Тетрадь для 11 класса общеобразовательной школы
(на казахском языке)

Суретшісі: У.Жубанышева

